

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Новоишим ауылдық округінің Новоишим ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Новоишим ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 241 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 26292 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14 - бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 16 сәуірдегі қорытындысына сәйкес, Новоишим ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Новоишим ауылдық округінің Новоишим ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар аталсын:

атауы жоқ көше - Есен Жантасов көшесі;

атауы жоқ көше - Айқын Нұрқатов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Новоишим ауылдық округінің әкімі

А. Букпин